

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 27 маусымдағы № 515 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 29 маусымда № 32948 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің өзгерістер мен толықтыру енгізілетін кейбір бұйрықтарының қоса беріліп отырған тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шараларды орындау туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі*

М. Ахметжанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрілігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрілігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрілігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2023 жылғы 27 маусымдағы
№ 515 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің өзгерістер мен толықтыру енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, өндіру, жөндеу, сату, коллекцияға жинау, экспонаттау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 8 қаңтардағы № 5 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10352 болып тіркелген) бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, өндіру, жөндеу, сату, коллекцияға жинау, экспонаттау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесінде:

реттік нөмірі 4-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

4	Қаруды қолдануда қауіпсіздік қағидаларын білуін тексеру туралы анықтама	Азаматтық және қызметтік қарудың иелері мен пайдаланушылардың азаматтық және қызметтік қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын білуіне даярлау (қайта даярлау) бағдарламалардан өткені туралы анықтама	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 13 маусымдағы № 536 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18849 болып тіркелген) бекітілген нысаны бойынша азаматтық және қызметтік қарудың иелері мен пайдаланушылардың азаматтық және қызметтік қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын білуіне даярлау (қайта даярлау)
---	---	--	--

бағдарламалардан өткені туралы анықтама, қару айналымын бақылау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын ұйымдар береді

".

реттік нөмірі 7-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

7

Қарудың немесе патрондардың тәжірибелік үлгілерін дайындау және сынау үшін меншік немесе жалға алу құқығындағы өндірістік техникалық база, қоса алғанда: мамандандырылған өндірістік ғимараттарды (үй-жайларды), жабдықтарды, стенділерді, сынақ өткізу зертханасын, бақылау-өлшеу аппаратурасын; қару мен оның патрондарын әзірлеу жөніндегі цехтың белгіленген тәртіппен келісілген және бекітілген жұмыс жобасы ; бөлшектерді, құрастыру бірліктерін есепке алу және сақтау жөніндегі талаптарды қамтамасыз ете отырып, оқшауланған үй-жайларда орналастырылатын негізгі бөлшектерді (ұңғыларды, бекітпелерді, барабандарды, жақтауларды, ұңғы қораптарын) дайындау жөніндегі механикалық өндіретін және құрастыру цехтары (учаскелері); өрт-күзет сигнализациясы құралдарымен жабдықталған техникалық нығайту

Өндірістік-техникалық базасы, жабдықтар мен аппаратураға меншік немесе жалға алу құқығын растайтын бар болуын көрсететін құжаттары. Аталған объектіні, өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын

	жөніндегі талаптарға жауап беретін қару мен патрондардың әзірленген жиынтықтарын сақтауға арналған мамандандырылған үй-жайларды	пайдалануға қабылдау актілері	
--	---	-------------------------------	--

" ;

реттік нөмірі 10-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

10	Қару мен оның патрондарын сақтау, сақталуы және есепке алу тәртібі бойынша Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 1 шілдегі № 602 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18961 болып тіркелген) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы қағидаларының 120, 121 және 122-тармақтарының талаптарына сәйкестігі	Құжат берілмейді	Өтініш бергеннен кейін ішкі істер органының қызметкері объектіні, үй-жайларды тексеруді жүргізеді. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 29 наурыздағы № 313 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13694 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 313 бұйрық) ішкі істер органдарының азаматтық және қызметтік қару айналымы саласындағы бақылау жөніндегі бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру туралы нұсқаулыққа 20-қосымшаға сәйкес аяқталу нысаны – объектіні тексеру туралы акт толтырылады
----	--	------------------	--

" ;

реттік нөмірі 14-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

	Меншік немесе жалға алу құқығындағы өндірістік техникалық база, қоса алғанда: мамандандырылған өндірістік ғимараттарды, көлік құралдарын, жабдықты, стенділерді, сынақ өткізу зертханасын , бақылау-өлшеу аппаратурасын;		
--	--	--	--

қаруды және оның патрондарын жасау жөніндегі цехтың белгіленген тәртіппен келісілген және бекітілген жұмыс жобасын;

бөлшектерді, құрастыру бірліктерін есепке алу және сақтау жөніндегі талаптарды қамтамасыз ете отырып, оқшауланған үй-жайларда орналастырылатын негізгі бөліктерді (ұңғыларды, бекітпелерді, барабандарды, жақтауларды, ұңғы қораптарын) дайындау жөніндегі механикалық өндіретін цехын (учаскесі);

бөлшектерді, құрастыру бірліктерін есепке алу және сақтау бойынша жағдайларды қамтамасыз ете отырып, оқшауланған үй-жайларда орналастырылатын, өрт-күзет сигнализациясы құралдарымен жабдықталған, техникалық нығайту жөніндегі талаптарға жауап беретін құрастыру цехын;

дайын қаруды және өрт-кузет дабылы құралдарымен жабдықталған сақтауға арналған мамандандырылған қоймалар;

өндіріс процесінде жарамсыз қарудың негізгі бөліктерін және оның патрондарын сақтауға арналған неке изоляторы.

Өндірістік базасының аумағына мындадай талаптар қойылады: оқшаулануы, қоршаудың, тәуліктік қарулы күзеттің

Өндірістік-техникалық базасы, меншік немесе жалдау құқығын растайтын бар болуын көрсететін құжаттары. Аталған объектіні, өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын

	, техникалық нығайтылудың, өртке қарсы қауіпсіздіктің болуы, тұрғын және өндірістік объектілерден қолданыстағы нормативтерде көзделген қауіпсіз қашықтықта орналастыруы	пайдалануға қабылдау актілері	
--	---	-------------------------------	--

".

реттік нөмірі 21-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

21	Техникалық нығайту талаптарына жауап беретін және өрт-күзет сигнализациясы құралдарымен жабдықталған меншік немесе жалға алу құқығындағы мамандандырылған шеберхана	Мамандандырылған шеберханаға меншік немесе жалға алу құқығын растайтын құжаттар. Аталған объектіні, өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалануға қабылдау актілері	
----	---	--	--

".

реттік нөмірі 26-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

26	Техникалық нығайту жөніндегі талаптарға жауап беретін және өрт-күзет сигнализациясымен жабдықталған қару мен оның патрондарын, аңшылық оқ-дәріні сақтауға, сатуға арналған меншік немесе жалға алу құқығындағы арнайы жабдықталған үй-жайлар	Қару мен оның патрондарын, аңшылық оқ-дәріні сақтауға, сатуға арналған меншік немесе жалға алу құқығын растайтын арнайы жабдықталған үй-жайлардың құжаттары . Аталған объектіні, өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалануға қабылдау актілері	
----	--	---	--

".

реттік нөмірі 30-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

	Қару мен оның патрондарының сақталуын, оларды сақтау қауіпсіздігін қамтамасыз ететін және оларға бөтен адамдардың қол жетімділігін болдырмайтын	Күзет сигнализациясын орнату актісі.	
--	---	--------------------------------------	--

30	жағдайлардың бар болуы. Мұражай қарулары үшін – к ү з е т сигнализациясымен жабдықталған, жеке, осы мақсаттарға арнайы арналған үй-жайлардағы кілтпен жабылатын витриналар, сейфтер немесе металл шкафтар	Қаруды сақтаумен объектіні (үй-жайды) күзету шарты. Аталған объектіні, өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалануға қабылдау актілері	
----	---	--	--

".

реттік нөмірі 32-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

32	Кілтпен жабылатын витриналар, сейфтері немесе металл шкафтары б а р к ү з е т сигнализациясымен жабдықталған жеке үй-жайлар	Құқық беретін құжаттар немесе жалға алу шарты. Аталған объектіні, өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалануға қабылдау актілері (заңды тұлғалар үшін)	
----	---	---	--

".

2. "Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сату, пайдалану жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 8 қаңтардағы № 6 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10353 болып тіркелген) бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сату, пайдалану жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы";

бұйрықтың 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Қоса беріліп отырған Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сату, пайдалану жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі бекітілсін";

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сату, пайдалану жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесінде:

реттік нөмірі 1-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

	Пиротехникалық бұйымдарға рұқсаты бар		Мәлімделген қызметті жүзеге асыруға
--	---------------------------------------	--	-------------------------------------

1	жеке тұлғада мәлімделген қызметті жүзеге асыруға байланысты қарсы айғақтардың (психикалық аурулар, маскүнемдік немесе нашакорлық) жоқтығы туралы медициналық анықтамалар	Мәлімделген қызметті жүзеге асыруға байланысты қарсы айғақтардың (психикалық ауру, маскүнемдік немесе нашакорлық) жоқтығы туралы медициналық анықтамалар	байланысты медициналық қарсы айғақтардың (психикалық аурулар, маскүнемдік немесе нашакорлық) жоқтығы туралы, аумақтық полиция органдарының қызметкері тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады
---	--	--	--

".

реттік нөмірі 3-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

3	Өрт қауіпсіздігі қағидаларының талаптарына сәйкес келетін және есепке алынатын өнімнің сақталуын, оны қатаң есепке алуды және бар-жоғын тексеру мүмкіндігін қамтамасыз ететін дайын пиротехникалық өнімді сақтауға арналған меншік немесе жалға алу құқығындағы қоймалар	Дайын пиротехникалық бұйымдарды сатуға арналған және оларды сақтауға арналған қоймалар меншік немесе жалға алу құқығын растайтын құжаттар. Аталған объектіні, өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалануға қабылдау актілері	
---	--	---	--

".

реттік нөмірі 8-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

	Пиротехникалық бұйымдарды өндіруге, сақтауға және кәдеге жаратуға арналған және мыналарды: белгіленген тәртіппен технологиялық операцияларды орындауға жіберілген технологиялық және қосалқы жабдықтарды; өрт қауіпсіздігі қағидаларының талаптарына сәйкес келетін және есепке алынған өнімнің сақталуын, қатаң есепке алуды және болуын тексеру мүмкіндігін қамтамасыз ететін дайын		
--	--	--	--

пиротехникалық бұйымдарды сақтауға арналған қойманы; ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізуге арналған аккредиттелген зертханалық базаны немесе пиротехникалық заттар мен бұйымдарды сынақтан өткізу жөніндегі қызметтер көрсету жөніндегі аккредиттелген зертханалық базамен жасалған шартты; пиротехникалық бұйымдарды бақылау сынағынан өткізуге арналған арнайы жабдықталған аумақты; пиротехникалық бұйымдарды тасымалдауға арналған арнайы жабдықталған автокөлікті; өртке қарсы қорғаныс құралдарын (өрт сигнализациясы мен өрт сөндіру), өртті сөндіру үшін қажетті өртке қарсы сумен жабдықтауды және арнайы құралдардың есептік қорын, өрт шыққан жағдайда персоналдың іс-қимылы жоспарын қамтитын және белгіленген талаптарға жауап беретін меншік немесе жалға алу құқығындағы өндірістік-техникалық база

Өндірістік-техникалық базасы, тиісті жабдықтар мен аппаратураға меншік немесе жалға алу құқығын растайтын бар болуын көрсететін құжаттары. Аталған объектіні, өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалануға қабылдау актілері

".

реттік нөмірі 11-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Өрт қауіпсіздігі қағидаларының талаптарына сәйкес келетін және есепке алынған өнімнің

Дайын пиротехникалық бұйымдарды сақтауға арналған үшін қоймалар

11	сақталуын, оны қатаң есепке алуды және болуын тексеру мүмкіндігін қамтамасыз ететін дайын пиротехникалық бұйымдарды сатуға арналған және оларды сақтауға арналған қоймалар меншік немесе жалға алу құқығындағы арнайы жабдықталған үй-жайлар	меншік немесе жалға алу құқығын растайтын құжаттар. Аталған объектіні, өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалануға қабылдау актілері
----	--	---

" ;

реттік нөмірі 15-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

15	Өрт қауіпсіздігі қағидаларының талаптарына сәйкес келетін және есепке алынған өнімнің сақталуын, оны қатаң есепке алуды және болуын тексеру мүмкіндігін қамтамасыз ететін дайын пиротехникалық өнімді сатуға арналған меншік немесе жалға алу құқығындағы арнайы жабдықталған үй-жайлар	Дайын пиротехникалық бұйымдарды сатуға үй-жайлардың арналған үшін меншік немесе жалға алу құқығын растайтын құжаттар. Аталған объектіні, өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалануға қабылдау актілері
----	---	---

" ;

реттік нөмірі 16-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

16	Өрт қауіпсіздігі қағидаларының талаптарына сәйкес келетін пиротехникалық бұйымдарды сақтау үшін қойманы меншік немесе жалға алу құқығында: есепке алынатын өнімнің (пиротехникалық бұйымдар дайын пиротехникалық өнімді өткізу үшін үй-жайда тиістілік нормаларынан артық сақталған жағдайда) сақталуын есепке алуды және оның бар-жоғын тексеру	Дайын пиротехникалық бұйымдарды сақтауға арналған үшін қоймалар және үй-жайлар сатуға үшін меншік немесе жалға алу құқығын растайтын құжаттар. Аталған объектіні, өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын
----	--	--

”;

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген 2-қосымша алып тасталсын.

3. "Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың айналымы саласындағы мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 27 наурыздағы № 254 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20184 болып тіркелген) бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

Осы бұйрықпен бекітілген "Заңды тұлғалар жұмыскерлеріне қызметтік қару және оған патрондарды сақтауға және алып жүруге рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

1-қосымшада:

реттік нөмірі 8-жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

		<p>заң тұлғаларға қызметтік қару мен оның патрондарын сақтау мен алып жүруге рұқсаттар беру рұқсат беру үшін:</p> <p>заңды тұлғаның мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар Тізбесінің (бұдан әрі – негізгі талаптар Тізбесі) 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша негізгі талаптар Тізбесінің 2-қосымшасына сәйкес толтырылған мәліметтер нысанымен электрондық түрдегі өтініші;</p> <p>ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың мәліметтері;</p> <p>Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы №ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып</p>
--	--	---

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі

тіркелген) бекітілген 3-қосымшасына сәйкес № 076/енаны бойынша қаруды иеленуге қарсы көрсетпелердің жоқ екені туралы медициналық қорытындының электрондық көшірмесін;

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 13 маусымдағы № 536 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18849 болып тіркелген) азаматтық және қызметтік қарудың иелері мен пайдаланушыларын даярлау және қайта даярлау бағдарламалары нысан бойынша қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын білуін тексеруден өткені туралы анықтаманың электрондық көшірмесі, күзетшілерді даярлау (біліктілігін арттыру) жөніндегі мамандандырылған оқу орталықтары берген күзетші ретінде жұмыс істеу үшін даярлықтан өткенін растайтын куәліктің электрондық көшірмесі ұсынылады (жеке күзет ұйымдарының күзетшілері үшін); қаруды қолдануға заңды тұлғалардың қызметкерлеріне бекітілген қарудың түрін, үлгісін, моделін, жүйесін, калибрін, нөмірін көрсете отырып, бұйрықтың электрондық көшірмесі;

қару мен оның патрондарын сақтауға жауапты адамды тағайындау туралы бұйрықтың электрондық көшірмесі.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы, қызметті жүзеге асыруға лицензиялар туралы, Ішкі істер органдарының талаптарына сәйкес келетін қызметтік қаруды сақтауға арналған арнайы жабдықталған үй-жайдың меншік құқығын растайтын құжаттар туралы, азаматтық және қызметтік қаруды сақтауға, сақтауға және алып жүруге рұқсаттар туралы, қару

	саудасы жөніндегі мамандандырылған дүкендерде сатып алынған қару туралы мәліметтер, мемлекеттік бажды төлеу туралы ақпарат (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда), көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден электрондық үкіметтің "шлюзі" арқылы алады
--	--

";

4. "Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары айналымы саласында екінші санаттағы рұқсат беру талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 22 қыркүйектегі № 637 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21281 болып тіркелген) бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген жеке және заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алуға рұқсат беру кезіндегі рұқсат беру талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесінің 2-қосымшасында:

реттік нөмірі 13-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

13	Жеткізілетін қару мен оқ-дәрілердің нақты түрлері мен модельдерін және олардың санын көрсете отырып, қару мен (немесе) оның патрондарын жеткізуге немесе сатып алуға арналған шарттың (келісімшарт) (қаруды әкелуді жүзеге асыратын заңды тұлғалар үшін) не қару мен оның патрондарын сатып алу-сату шартының (келісімшарт) (Қазақстан Республикасының аумағында қару саудасын жүзеге асыратын заңды тұлғалар үшін). Келісім шартта немесе оған қосымшада (спецификацияда) жеткізілетін қару мен оқ-дәрілердің нақты түрлері мен үлгілерін және олардың санын көрсете отырып	Қару мен (немесе) оның патрондарын жеткізуге немесе сатып алуға арналған шарттың (келісімшарт) (қаруды әкелуді жүзеге асыратын заңды тұлғалар үшін) не қару мен оның патрондарын сатып алу-сату шартының (келісімшарт) (Қазақстан Республикасының аумағында қару саудасын жүзеге асыратын заңды тұлғалар үшін). Келісім шартта немесе оған қосымшада (спецификацияда) жеткізілетін қару мен оқ-дәрілердің нақты түрлері мен модельдері және олардың саны көрсетіледі	Қару мен (немесе) оның патрондарын жеткізуге немесе сатып алуға арналған шарттың (келісімшарт) сауда жасауды заңдарда белгіленген тәртіппен азаматтық және қызметтік қарумен, оның патрондарымен лицензия алған ұйымдар жүзеге асырады
----	--	--	--

".

,

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 16-жолмен толықтырылсын:

"

16	Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары саудасына, құқығының болуы	Уәкілетті ішкі істер органы берген азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары саудасына лицензия (ұсынылмайды)	Ішкі істер органының қызметкері берген азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары саудасына лицензиясы бары туралы мәліметтерді ЕЛ МДБ АЖ арқылы алады
----	--	---	---

".

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК